

ISSN 1997-9967  
FTAMPK 06.61.33  
JEL O18

## **Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі: қазіргі жағдайдағы трансформациясы және даму перспективалары**

**Р. Есберген<sup>1</sup>**

### **Түйін**

Мақала Қазақстанның 30 дамыған ел қатарына енуі жолындағы бір бағыт болып табылатын билікті орталықсыздандыру мәселесі – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің даму сұрақтарына арналған. Жергілікті өзін-өзі басқару – бұл халықтың билік ету формасы. Ол тұрғындардың жергілікті маңызы бар мәселелерді өз жауапкершілігіне алып, өз бетінше еркін шешуді ұйымдастыруды білдіреді. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің шетелдік тәжірибесіне шолу жасалған, бүгінгі ахуалы сипатталған, негізгі басым бағыттары айқындалған.

Ғылыми мақаланың мақсаты Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту бағыттарын Ақтөбе облысы мысалында айқындау болып табылады. Мақаланы жазу барысында ғылыми зерттеудің талдау және салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесі Қазақстандағы 4-деңгейдегі бюджетке көшкен мекендердің салықтық және салықтық емес түсімдерін арттыру мүмкіндіктері, ол үшін аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер әкімдерінің жобалық ойлау машықтары болып табылады.

Зерттеу нәтижелерін қолдану саласы облыстық, аудандық және селолық әкімдіктер, кәсіпкерлік, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы басқармалары мен бөлімдері болып табылады.

Зерттеу нәтижелері «Қазақстан-2050» Стратегиясы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту арқылы демократиялық қоғамды дамытуға, «Стратегия-2025» орта мерзімді стратегиялық даму жоспарының «Мықты өңірлер және урбандалу» атты 5-реформасын табысты жүзеге асыруға, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын табысты жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл реформаның мақсаты қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ете отырып өңірлердің экономикалық өсімі есебінен жалпы ішкі өнімді арттыруға бағытталған.

**Түйін сөздер:** жергілікті өзін-өзі басқару, азаматтық қоғам, орталықсыздандыру, демократияландыру, жалпы өңірлік өнім, мықты өңір, 4-деңгейлі бюджет, жобалық менеджмент.

### **Аннотация**

Статья посвящена проблеме децентрализации власти – развития системы местного самоуправления, которая является одним из ключевых направлений вступления Казахстана в топ 30 развитых стран мира. Местное самоуправление является формой правления. Это означает взять на себя ответственность за местные проблемы и организовать пути решения локальных проблем. В статье представлен обзор зарубежного опыта системы местного самоуправления, описана текущая ситуация и определены ее основные приоритеты.

Целью данной статьи является определение направлений развития местного самоуправления в Казахстане на примере Актюбинской области. При написании статьи использовались методы анализа и сравнения научных исследований.

Результатом исследования является возможность увеличения налоговых и неналоговых поступлений в населенные пункты, перешедших на бюджет 4-го уровня в Казахстане, для этого акимы городов районного значения и сельских округов должны обладать проектным мышлением.

Область результатов исследования – областные, районные и сельские акиматы, управления и отделы экономики и бюджетного планирования, предпринимательства и финансов.

Результаты исследования включают развитие демократического общества через развитие местного самоуправления согласно Стратегии «Казахстан-2050», успешную реализацию 5-реформы «Сильные регионы и урбанизация» Среднесрочного стратегического плана развития «Стратегия-2025». Это способствует

---

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы» РМҚК, экономика ғылымдарының кандидаты  
E-mail: Rau01021980@mail.ru

успешной реализации национального плана. Целью этой реформы является увеличение валового внутреннего продукта за счет экономического роста регионов, обеспечивающего эффективное использование имеющихся ресурсов.

**Ключевые слова:** местное самоуправление, гражданское общество, децентрализация, демократизация, валовый региональный продукт, сильный регион, бюджет 4-го уровня, проектный менеджмент

### **Abstract**

The article is devoted to the problem of decentralization of power - the development of the system of local self-government, which is one of the key areas of Kazakhstan's entry into the top 30 developed countries of the world. Local government is a form of government. This means taking responsibility for local problems and organizing solutions to local problems. The article presents an overview of the foreign experience of the local government system, describes the current situation and identifies its main priorities.

The purpose of this article is to determine the directions of development of local government in Kazakhstan on the example of the Aktobe region. When writing the article, methods of analysis and comparison of scientific research were used.

The result of the study is the possibility of increasing tax and non-tax revenues in settlements, transferred to the budget of the 4th level in Kazakhstan, for this akims of cities of regional significance and rural districts should have a project mindset.

The area of research results is regional, district and rural akimats, offices and departments of economics and budget planning, entrepreneurship and finance.

The research results include the development of a democratic society through the development of local self-government according to the Strategy "Kazakhstan-2050", the successful implementation of the 5-reform "Strong regions and urbanization" of the Medium-term strategic development plan "Strategy-2025". This contributes to the successful implementation of the national plan. The purpose of this reform is to increase the gross domestic product due to the economic growth of the regions, ensuring the efficient use of available resources.

**Keywords:** local government, civil society, decentralization, democratization, gross regional product, strong region, 4-level budget, project management

### **Кіріспе**

Қазақстанның одан әрі демократиялық дамуы жолындағы қазіргі заманғы мәселелерінің бірі – жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру болып табылады. Қазақстандық қоғамды әлеуметтік жаңғырту мемлекеттік басқару жүйесін мәнді жетілдіруді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президентінің 2018 жылдың 5 қазанындағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру арқылы азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат құру міндетін қойды<sup>2</sup>.

Билікті орталықсыздандыру Қазақстанның 30 дамыған елдерінің қатарына енуі жолындағы маңызды қадам болып табылады. Қазақстандық мемлекеттілікті дамытуда

азаматтық қоғамды одан әрі тізбекті дамыту арқылы демократиялық мемлекеттің ажырамас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту жергілікті қоғамның игілігі үшін шешімдер қабылдауда және коммуналдық меншікті басқаруда азаматтардың рөлін күшейтеді. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту елде жеке тұлға мүдделерімен қатар мемлекеттің де мүддесі және жергілікті халықтың өмір сүру жағдайын тікелей қамтамасыз ететін жергілікті мүдделер де танылады және кепіл етіледі.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы мен дамуы ең алдымен, елдегі азаматтық қоғамның қалыптасуымен, тұтастай елдің және оның жекелеген аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейімен, жергілікті қоғамның өміріне әсер ететін ерекше факторлар және күштермен байланысты көп кезеңді үдеріс ретінде қарастырылуы керек.

<sup>2</sup> Елбасы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын іске асыру бойынша 100 нақты қадамы – Ұлт жоспары, 2015 URL:[http://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamu\\_a2777949](http://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamu_a2777949) (қарау күні 30.12.2018)

Осыған орай өңірдегі жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың алғашқы кезеңіндегі басым міндеттерді және оны жүзеге асырудың тетіктері төмендегідей болуы керек:

- жергілікті өзін-өзі басқарудың қызметін заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету үшін қажет заңнамалар мен нормативтік актілерді құрайтын заң шығарушы блок;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз өкілеттіктерін тиімді іске асыруы үшін олардың қаржылық және экономикалық жағдайын қамтамасыз ететін қаржылық-экономикалық блок;

- ұйымдастырушылық блок, мұнда республикадағы жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы мен даму процесін басқару бойынша нақты шаралар әзірлеу қарастырылады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспары туралы жариялады. «100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап, сонымен қатар жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жергілікті өзін-өзі басқаруды тереңдетуге және жергілікті қоғамдастық өмірімен байланысты мәселелерді шешуге азаматтардың қатысуын кеңейтуге мүдделі екендігі расталады. Әлемдік қауымдастыққа интеграциялану және жаһандану жағдайында қазіргі мемлекеттік басқару жүйесі тез және түбегейлі өзгерістермен, қарқынды даму күрделілігімен және қажеттілігімен сипатталады. Мемлекетке тән емес қызметтерді бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру арқылы Үкімет мемлекетке тән емес, басы артық қызметтерді қысқарту есебінен неғұрлым ықшам бола түседі. «100 нақты қадамның» 98-қадамы бойынша, 2000 асатын тұрғындары бар селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілді. Облыс орталықтарында және республикалық маңыздағы қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс жасайды<sup>3</sup>.

3 Елбасы Н.Назарбаевтың бес институционалдык реформасын іске асыру бойынша 100 нақты қадамы – Ұлт жоспары, 2015 URL:[http://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-](http://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100)

«Қазақстан-2025» Стратегиясының «Мықты өңірлер және урбандалу» 5-реформасы барлық ел бойынша базалық өмір сүру сапасын қамтамасыз ету арқылы қолда бер жергілікті әлеуетті (экономикалық резервтерді) тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін өңірлердің экономикалық өсімі есебінен елдің жалпы ішкі өнімін (ЖІӨ) арттыруға бағытталған. Аталмыш реформаның «Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» басымдығының міндеті жергілікті биліктің халыққа құзыреттіліктерін одан әрі бөлу және есеп беру есебінен өңірлердің экономикалық, кадрлық дербестігін арттыру болып табылады<sup>4</sup>.

Осы реформаның 5.4 «Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын одан әрі нығайту» бастамасына сәйкес аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органын құру мәселесі қарастырылады, бұл жергілікті қауымдастықтың бюджетті бекітуге қатысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару бюджеттерінің кіріс көздерін одан әрі арттыру мәселесі де пысықталады. Мәслихаттардың бюджеттік процесс бөлігіндегі құзыретін арттыру бойынша іс-шаралар іске асырылатын болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы Жарлығымен Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Тұжырымдамасы қабылданды, оның негізіне жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясында бекітілген муниципалдық демократияның және муниципалдық басқарудың жалпы танылған құндылықтары салынған.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың негізгі қағидаттары заңмен бекітілген аяда әрекет ететін билік; жергілікті өзін-өзі басқаруға ресурстарды өз бетінде пайдалану құқын беру; нақты анықталған функциялары бар билік және жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарының болуы болып табылады.

kadamy\_a2777949 (қауап күні 30.12.2018)

4 [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidentin-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidentin-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan)

## Әдебиеттерге шолу

Қазақстанның одан әрі демократиялық даму бағыты жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамытумен байланысты [1,2]. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі Еуропалық хартиясында бекітілген муниципалдық демократияның және муниципалдық басқарудың жалпы танылған құндылықтарына негізделеді [3]. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі билікті орталықсыздандыруды, халық билігі қағидасын жүзеге асыруды білдіреді [3,4]. Жергілікті өзін-өзі басқарудың маңызды ережелері жергілікті аумақтың өз жеткіліктілігін (өзін-өзі қамтамасыз етуін) ынталандыру; халық үшін минималды өмір сүру стандарттарын қамтамасыз ету; жергілікті халықтың өмір сүру ортасын жақсарту; жергілікті өзін-өзі басқару құзыреттіліктерін тиімді жүзеге асыру болып табылады[5,6,7,8].

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың негізгі ережелері мен қағидаттары шетелдік тәжірибеге сүйене отырып басшылыққа алынған [9,10,11,12,13, 14].

Қазіргі таңда негізгі шаруашылық қызметтердің өңірлерді жүргізілетіні белгілі. Соған байланысты жергілікті басқару жүйесіне әлеуметтік-экономикалық мәселелерді өз бетінше шешуге лайықты қаржылық дербестік беру маңызды болып табылады[15,16,17, 18]. Қазақстанда мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіліктерді ажырату, бюджетаралық қатынастарды реттеу мәселелері ел аймақтарының экономикалық дамуына мүмкіндік береді[19]. Жобалық ойлау машықтарын игерген әкімдер шағын бизнесті дамыта отырып, өзі басқарып отырған елді-мекеннің бюджетінің табыс бөлігін арттыруға мүдделі болады[20]. Бұл өз кезегінде Қазақстанның негізгі стратегиялық құжаттарында айқындалған ЖІӨ арттыру арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартады және еліміздің 30 дамыған елдің қатарынан бой түзеуіне ықпал етеді.

## Әдіснама

Зерттеу Ақтөбе облысының 4-деңгейлі бюджетке көшкен елді-мекендерінің 2018-2020 жылдарға арналған бюджеттерінің салықтық және салықтық емес түсімдерінің динамикасын талдауға және Ақтөбе облысы

бойынша осы жүйеге өткен 45 аудандық маңызы бар қалалар мен селолық округ әкімдерінің ұсынған жобаларының әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін бағалауға негізделген[21]. Талдау ғылыми синтез және талдау әдістеріне, салыстыру әдістеріне негізделген.

## Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту» тарауындағы мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру мақсатына сәйкес, үкімет ауылдық деңгейде саяси-әкімшілік басқару жүйесін жетілдіру бойынша 2020 жылға дейін іске асырылуы көзделген кешенді шаралардың жоспарын жасақтады<sup>5</sup>. Осы шараларды жүзеге асыру барысында ауыл әкімдерін сайлау, сайланған әкімдердің құзыреттіліктерін кеңейту және өз бюджетінің кіріс бөлігін қалыптастыруына мүмкіндік беру, басқару аппаратын күшейту сияқты оң өзгерістер орын алды.

Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық Хартияға сәйкес “жергілікті өзін-өзі басқару органдары кез келген демократиялық құрылымның негізін құрайды” делінген. Сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару деп мемлекеттік істердің басым бөлігін регламенттеу және оны басқару құқығы мен нақты қабілеті түсініледі. Жергілікті өзін-өзі басқарудың мәнін нақты түсіну үшін жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық Хартияның 3 - бабында жазылған анықтамасын беру қажет: “... жергілікті өзін - өзі басқару – бұл жергілікті өзін - өзі басқару органдарының заң жүзінде, өзінің жауапкершіліктері негізінде және жергілікті халықтың мүдделері үшін әрекет ете отырып, мемлекеттік істердің маңызды бөлігін регламенттеу мен оны басқару бойынша құқығы мен нақты мүмкіндігі”.

Әлемдік тәжірибеде жергілікті өзін-өзі басқару идеясын ғылыми негіздеудің қажет-

5 [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidentin-nazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidentin-nazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan)



тілігі XIX ғасырдың басында туындады. Алғаш еркін қоғамдастық теориясы пайда болды. Бұл теория жергілікті өзін-өзі басқарудың мәнін түсіндіретін алғашқы теориялардың бірі болды. Кейін еркін қоғамдастық теориясының орнына өзін-өзі басқарудың шаруашылық және қоғамдық теориялары келді. Бұл теориялардың қоғамдастықтар мен мемлекетті қарама-қарсы қойып салыстыруға негізделді. Мұндай көзқарастар ұзаққа бармады, өйткені мұндай қарама-қарсы салыстырулар мемлекеттің нығаюына ықпал етпеді. Бұл теориялардың орнына жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік теориясы келді. Ал кейінірек мемлекеттік теория шегінде түрлі саяси және құқықтық бағыттар қалыптасты. Кейінгі теориялар жергілікті өзін-өзі басқарудың екі жақты сипатын қамтып көрсетті. Осылайша (дуализм теориясы, әлеуметтік қызмет көрсету теориясы) жергілікті өзін-өзі басқарудың социал-реформалық концепциялары пайда болды.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың төмендегідей теорияларын атап өтуге болады:

1. Жергілікті өзін-өзі басқару жөніндегі алғашқы көзқарастар қоғамдастық басқаруды ұйымдастыру идеясына негізделген. Ол жергілікті өзін-өзі басқарудың 2 негізгі мәселесін айқындайды:

- өзінің табиғаты бойынша муниципалдық басқаруға тән жеке қауымдық істер туралы түсінік;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекетпен тапсырылатын мемлекеттік істер туралы түсінік.

Осы теория өкілі Токвиль халық бақытының жалғыз кепілі ретінде болатын Үкімет қоғамның барлық мәселелерін шешудегі өз құдіреттілігінің иллюзиясын ғана жасайды, ал “қауымдық институттар халық бостандығына жол ашады және халықты осы бостандықты қолдануға, оның бейбіт сипатынан рақат алуға үйретеді”.

2. Еркін қоғамдастық теориясы. Жергілікті өзін-өзі басқарудың мәні алғашқы рет осы теорияда түсіндіріледі. Теорияның негізі – қоғамдастықтардың өз істерін меңгеруге құқығының бар болуы туралы жағдай және бұл құқық адамның құқықтары, бостандығы сияқты табиғи және ажыратылмайтын сипатқа ие, яғни мемлекет қоғамдастық басқару еркіндігін сыйлауға тиіс.

Еркін қоғамдастық теориясының негізгі принциптері:

1) жергілікті өзін-өзі басқару – бұл мемлекеттік іс-әрекеттерден ерекшеленетін қоғамдастықтардың іс-әрекеттерін басқару;

2) қоғамдастықтардың іс-әрекеттері меншікті және мемлекетпен берілген болып бөлінеді;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік емес органдар болып табылады;

4) мемлекеттік органдардың қоғамдастық құзыретіне жататын іс-әрекеттерге араласуына құқы жоқ. Олар қоғамдастықтың өз құзыреттілігі шегінен шықпауын ғана қадағалайды.

3. Шаруашылық теория. Бұл теория жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі белгісі ретінде оның іс-әрекеті шаруашылық сипатта болады деп түсіндірген, бірақ тәжірибе жүзінде меншікті жергілікті іс-әрекеттер мен қоғамдастыққа орындау үшін берілген мемлекеттік іс-әрекеттерді шектеудің мүмкін еместігі анықталды.

4. Қоғамдық теория. Бұл теорияның өкілдері – О. Ресслер, В.Н. Лешков, А.И. Васильчиков болып табылады. Негізгі тезисі – жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік билік органдарының жүйесінен бөлінуі керек. “Қоғамдық теория өзін-өзі басқарудың мәнін жергілікті қоғамға өзінің қоғамдық мүдделері өзін басқаруға мүмкіндік беруден және үкіметтік органдарының тек қана мемлекеттік іс-әрекеттерді меңгеруінің сақталуынан көреді.” Бұл теорияның жекелеген өкілдері, мысалы О. Ресслер, өзін-өзі басқару – бұл қоғамдық еркіндік нәтижесі, сондықтан ол әдет-ғұрыптық қажеттілік болып табылады деп санаған.

5. Мемлекеттік теория. Бұл теорияның өкілдері – Л. Штейн, Р. Гнейст, Н.И. Лазаревский, А.Д. Градовский, В.Н. Безобразов, Б.Н. Чичерин. Бұл теорияда өзін-өзі басқару жергілікті мемлекеттік басқарудың бір формасы ретінде түсіндіріледі, жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы барлық уәкілдіктер мемлекетпен беріледі, бірақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік басқарудан айырмашылығы – ол үкіметтік шенеуніктермен емес, жергілікті қоғамдастықтар көмегімен жүзеге асырылады.

А.Д. Градовский “өзін-өзі басқару” түсінігінің саяси маңызын атап өтті және В.П. Безобразов сияқты, земстволарға биліктік уәкілдіктерді беруді қолдаған. Б.Н. Чичерин жергілікті өзін-өзі басқаруды мемлекеттің көмекшісі деп санаған, себебі ол оның көмегі болмағанда мемлекеттің меншікті органдарына қаратылатын іс-әрекеттерді атқара отырып, мемлекетті артық ауыртпалықтан құтқарады. Н.И. Лазаревский жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік теориясының көзқарастарын талдап қорытындылады, ал жергілікті өзін-өзі басқарудың мәнін кез-келген әдіспен әкімшіліктен шынайы тәуелсіздік және осы органдардың жергілікті халықпен байланысы қамтамасыз етілген жағдайдағы басқару деп санаған. Жалпы мемлекеттік теория 2 бағытқа бөлінді: саяси және құқықтық.

Мемлекеттік теорияның саяси бағытының өкілдері өзін-өзі басқару органдарының дербестігінің негізіне олардың қалыптасу ерекшеліктері жатады деген, ол жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметтеріне жергілікті халық арасынан сыйлы адамдар тағайындалуы керек және төлеусіз негізде деп санаған.

Мемлекеттік теорияның құқықтық бағытының өкілдері жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттің тікелей органдары болып табылмайды, бірақ мемлекет оларға мемлекеттік басқарудың белгілі бір міндеттерін жүзеге асыруды артады деген.

6. Дуализм теориясы. Бұл теория бойынша, муниципалдық органдар сәйкес басқарушылық қызметтерді жүзеге асыра отырып, жергілікті мүдделер шегінен шығады, сондықтан олар мемлекеттік әкімшіліктің құралы ретінде әрекет етуі керек.

7. Әлеуметтік қызмет көрсету теориясы. Бұл теорияда муниципалитеттердің өздерінің негізгі міндеттерінің бірін жүзеге асыруына қадам жасалады, яғни ол міндет – өзінің тұрғындарына, халыққа қызмет көрсету ұйымына қызметтер ұсыну. Берілген теорияға сәйкес, муниципалдық басқарудың негізгі мақсаты жергілікті қоғамдастық тұрғындарының әл-ауқаттылығы болып табылады.

8. Социал-реформалық муниципалдық концепциялар. Жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуының негізінде қазіргі қоғамның социалистік қоғамға ауысуының революция-

лық емес жолдарының бірі ретіндегі буржуазиялық жергілікті өзін-өзі басқарудың социалистік эволюциясының мүмкіндіктері жатыр.

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдері, оның ішінде Польшаның тәжірибесіне негізделген. Польшада гмин – жергілікті өзін-өзі басқарудың төмен деңгейі бюджеті өз табыстарынан, сонымен қатар жоғары тұрған бюджеттен субвенция және мақсатты дотациялардан құрылады. Бюджет өкілетті орган – гмин кеңесімен бекітіледі және гминнің атқарушы органы – вуйтпен жүзеге асырылады. Польшаның селолық гмин халқының саны Қазақстанның селолық округтерінен 3 еседен астам көп – 7 мың тұрғын құрайды.

Шетелдегі жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасып даму тәжірибесі Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды талдау кезінде пайдалы болуы мүмкін, сондықтан бүгінгі күні шетелде болып жатқан жағдайды талдау және жергілікті өзін-өзі басқарудың көптеген мемлекеттерде әрекет ететін үлгілеріне тоқталу қажет.

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасы Конституциясының 89-бабында жазылған. Жергілікті мемлекеттік басқару дегеніміз – бұл Заң актілерінде белгіленген құзырет шегінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны дамыту мақсатында жүзеге асыратын, сондай-ақ тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып табылатын қызмет болып табылады.

Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік басқару, оның өкілетті және атқарушы органдарының құзыреттері, ұйымдастырылу тәртібі мен қызмет бағыттары, сондай-ақ қызметтерінің экономикалық және қаржылық негіздері Қазақстан Республикасы Конституциясы мен “Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” заңның тиісті баптарында айқындалып, белгіленген. Жергілікті мемлекеттік басқару деп аумақтардың әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымдарын жаңаша ұйымдастырып, қалыптастыруға және мемлекеттік саясат пен

әкімшілік-аумақтық бөліністерді дамыту бағдарламаларында көзделген мүдделер мен міндет-мақсаттарды қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұрғылықты халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған іс-шараларды өздеріне белгіленген құзыреттері шегінде жүзеге асыруға ат салысатын тиісті мәслихаттар мен әкімдіктердің басқарушы-атқарушы ықпал ету сипатындағы қызметтері түсініледі.

Қазақстанның аумақтық құрылымында биліктің ең төменгі сатысындағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге ауылдар, ауылдық округтер, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар, қаладағы аудандар жатады. Бұл әкімшілік-аумақтық бірліктер «жергілікті басқару» құрамында саяси-әкімшілік басқару санатын түзеді.

Қазақстанда ауылдық аумақ пен қалалық аумақ арасында мемлекеттік қызметті алу жағдайы; қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық даму; географиялық орналасу сияқты бағыттарда мәнді айырмашылықтар бар. Яғни қалалық және қалаға жақын аумақтармен салыстырғанда ауылдық жерлерде жол, сумен қамту, телекоммуникация және басқа да мемлекеттік инфрақұрылымдар нашар дамыған, ауылдық жерлер тауар айналымы нарық орталықтарынан және саяси шешімдер – әкімшілік саясат пен стратегиялық даму жоспарлары қабылданатын орындардан саяси және экономикалық тұрғыдан алшақ.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 2-1-бабы бойынша: «Облыстың, ауданның, қаланың, қаладағы ауданның, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауылдың әкімі мемлекеттік басқару функцияларымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын да жүзеге асырады». Сондықтан ауыл әкімі өзіне қарасты аумақта жергілікті өзін-өзі басқару органының қызметіне басшылық жасауға да жауапты.

Бүгінгі таңда Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша төмендегідей шаралар жүзеге асырылуда: селолық әкімдерді сайлау, жергілікті қоғамдастық жиналыстары арқылы жергілікті мәселелерді шешуде халықтың ролін арттыру, халықтың белсенді бөлігін басқарушылық шешімдер қабылдау үрдісіне тарту, жергілікті мәндегі сұрақтарды

шешудегі басқарудың төменгі деңгейінің қаржылық және экономикалық дербестігін кеңейту, жергілікті бюджетті қалыптастыру.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Тұжырымдамасы оны дамытудың екі кезеңі анықталды.

Бірінші кезең (2013–2014 жж.) – басқарудың төменгі деңгейлерінде әрекет етуші жүйені кеңейту: жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыреттіліктерін, жергілікті қоғамдастық жиналыстары қызметін, әкімдерді сайлау тәртібін анықтайтын нормалар бекітілді. Қаржылық дербестікті кеңейту үшін село әкімдері табыс көздерін құру және қолма-қол бақылау шоттарын ашу құқына ие болды.

Екінші кезең (2015–2020 жж.) – мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын одан әрі бөлу, жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін және меншігін құру. Сайлауларға қатысу және одан босату бастамашылығы үшін село әкімі кандидатурасын келісу туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының құзыреттілігін кеңейтуді қарастырады. Сонымен қатар әкімнің халықпен өзара қарым-қатынасы үшін қоғамдық құрылымдарын құру, жер учаскелерін мақсатты пайдалануды бақылау бойынша село әкімінің құзыретін кеңейту, коммуналдық меншікті басқару процесіне халықты тарту мүмкін болады. Жергілікті бюджетті және коммуналдық меншікті енгізу қарастырылып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылдың 6 қаңтарында жарияланған «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында жергілікті өзін-өзі басқару органдарына үш деңгейлі (2016-2017, 2018-2020, 2020 жылдан кейін) қосымша өкілеттіктер берілетіні туралы айтылды.

2016-2017 жылдары:

- аудан әкімінің өзінен төменгі әкімдіктер әкімі лауазымына ұсынатын кандидатурасы аудан мәслихатына және сайлау өткізуге енгізу үшін келісілетін болады;

- әкімді босату туралы мәселеге бастамашы бола алады;

- аудан әкімі ұсынған қолма-қол ақшаның бақылау шоты есебінен алынған мүлікті иеліктен шығару мәселесін қарайды;

- өз аумағындағы жер телімдерінің пайдаланылуын бақылайды;

- жергілікті жердегі мемлекеттік мекемелердің басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізе алады;

- жергілікті өзін-өзі басқарудың салықтық әлеуетін, көлік және заңды тұлғалардан жер салығын алу құқын алу жолымен күшейтетін болады.

2018-2020 жылдары:

- жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін аудан мәслихатына бекіткен соң оны өзбетінше сатылап қалыптастырады;

- әкімнің аудандық мәслихатқа бекіту үшін енгізген жергілікті қоғамдастық бюджетінің жобасын Жиналыстың келісуі және олардың орындалуы туралы есепті мәслихатқа ұсыну үшін қолдайды;

- жергілікті қоғамдастықтың коммуналдық меншікті басқару мәселелерін қарастырады;

- тұрғындары 2 мың адамнан асатын әкімшілік-аумақтық бірлік үшін бюджетті аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсынады;

- «Жергілікті өзін-өзі басқару коммуналдық меншігі» институтын енгізіледі;

- әлеуетін ұлғайту мақсатында селолық округтер деңгейінде әкімшілік-аумақтық бірлікті нығайту мәселесін қарайды.

2020 жылдан бастап:

- жергілікті өзін өзі басқарудың өкілді органын құрылады;

- халқының саны 2 мың адамнан кем емес елді мекендерде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізіледі;

- қоғамдық маңызды мәселелерді қамтитын жергілікті бюджеттердің жобалары бойынша азаматтардың ұсыныстары жергілікті өзін-өзі басқару органы дербес қарай алады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Аудандық маңызы бар қала, село, поселок, селолық округ деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті 2018 жылдан бастап 2 мыңнан астам тұрғыны бар әкімшілік территориялық бірліктерде енгізілді, ал 2020 жылдан бастап барлық аймақтарға енгізіледі. Селоларда жергілікті бюджет алты түрлі салықтық және салықтық емес түсімдерден тұрады.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің табыс көзі ретінде табыстан жеке табыс салығы, жеке тұлғалардың мүлкіне салық, тұрғылықты мекендердің жеріне жеке және

заңды тұлғалардан жер салығы анықталды. Сонымен қатар аудандық маңызы бар қала, село, поселок, селолық округ аумағы арқылы өтетін жолақтарда сыртқы жарнаманы орналастыруға төлем де қарастырылған.

Салықтық емес түсімдер мемлекеттік мүлік арендасынан табыс, ерікті алымдар, айыппұлдар, коммуналдық меншікті сатудан кейінгі табыс, аудандық бюджеттен трансферттерден тұрады.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті жергілікті қоғамдастық жиналысында талқыланғаннан кейін аудан мәслихатымен бекітіледі, ал бюджеттің орындалуы село әкімі аппаратына жүктеледі. Мәслихат – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тұрғылықты халқы сайлайтын, халықтың еркі мен тынысын білдіретін және олардың мүдделерін тиісті заңдар негізінде қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шаралар белгілейтін, сондай-ақ олардың тиісінше жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өкілетті орган болып табылады. Бюджет шығындары жергілікті қоғамдастық мүдделерін ескере отырып жоспарланады. Бюджет кодексіндегі шығындар 19 бағыт бойынша анықталған: мектепке дейінгі тәрбие және білім беру, өңірді абаттандыру, автожолдар құрылысы, қайта құру, жөндеу және ұстап тұру, сумен қамтуды ұйымдастыру.

Селолық әкімдерді басқару тиімділігін алу үшін олардың стратегиялық инновациялық ойлау жүйесі мен жаңа басқару мәдениетін қалыптастыру керек.

Осы реформаларды жүзеге асырудың өзекті сұрақтары «Өңірді дамыту үшін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін трансформациялау» атты аудандық маңызы бар қала, село, поселок, селолық округ әкімдерін оқыту түрінде жүзеге асырылды. «Өңірді дамыту үшін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін трансформациялау» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы филиалдарының базасында Қазақстанның барлық өңірлерінде жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы филиалында



аталмыш білім беру бағдарламасы желтоқсан айында 80 академиялық сағатта 45 әкім оқытылды. Ақтөбе облысының құрамына 12 аудан, 8 қала, 2 поселкелік округ және 372 тұрғылықты мекен кіреді. Ақтөбе

облысында 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 4-деңгейлі бюджетке 38 селолық округ және 7 аудандық маңызы бар қалалар енді.

Облыс аудандары құрылымында бұл селолық округтер мен аудандық маңызы бар қалалар төмендегідей орналасты (кесте 1):

Кесте 1 – Ақтөбе облысының 4-деңгейдегі бюджетке өткен аудандары

| №  | Аудандар       | Селолық округ | Аудандық маңызы бар қала |
|----|----------------|---------------|--------------------------|
| 1  | Мұғалжар       | 4             | 3                        |
| 2  | Шалқар         | 4             | 1                        |
| 3  | Темір          | 4             | 1                        |
| 4  | Хромтау        | 3             | 1                        |
| 5  | Алға           | 3             | 1                        |
| 6  | Байғанин       | 4             | -                        |
| 7  | Ойыл           | 4             | -                        |
| 8  | Әйтеке би      | 3             | -                        |
| 9  | Мартөк         | 3             | -                        |
| 10 | Ырғыз          | 3             | -                        |
| 11 | Қарғалы        | 2             | -                        |
| 12 | Қобда          | 1             | -                        |
|    | <b>БАРЛЫҒЫ</b> | <b>38</b>     | <b>7</b>                 |

Ескерту: <http://www.aktobegazeti.kz/?p=62630>

«Өңірді дамыту үшін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін трансформациялау» білім беру бағдарламасының мақсаты жергілікті өзін-өзі басқарудың қазіргі заманғы мәселелерін шешу бойынша село, поселок және селолық округ әкімдері корпусының әлеуетін күшейту болып табылады. Оқытуды жүргізу барысында мемлекеттік басқарудағы жаңа тәсілдер, мемлекеттік жоспарлау жүйесі, бюджеттік процестер, салықтар және салық салу, мемлекеттік сатып алулар коммуналдық меншікті басқару сұрақтары қарастырылды. Ол үшін құзыретті мемлекеттік органдардың басқарма басшылары мен орынбасарлары шақырылды. 4-деңгейлі бюджетке өткен аудандардағы әкімдерді оқыту нәтижелері бойынша жергілікті мәселелерді шешу бойынша практикаға бағдарланған жобалар әзірленіп презентацияланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалында «Өңірді дамыту үшін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін трансформациялау» білім беру бағдарламасы облыстық әкімдіктен

қолдау тапты және мемлекеттік органдардан тәжірибелі мамандармен бірлесе жүзеге асырылды.

«Өңірді дамыту үшін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін трансформациялау» білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың басты мақсаты шағын қалалар мен поселкелерді дамыту жобаларын әзірлеп жүзеге асыра алатын, жаңа жұмыс орындарын құратын және инвестиция тарта алатын басқарушылық кадрларды оқыту болып табылады.

Аталмыш білім бағдарламасы екі модульден құралды. Бірінші модульде жергілікті өзін-өзі басқару реформасын жүзеге асыру құралдарына көңіл аударылды. Екінші модульде мемлекеттік өзін-өзі басқару жүйесінде жобаларды басқару негіздерін меңгеру жоспарланды, яғни жобалық менеджмент негіздері оқытылды.

2018-2020 жылдарға аудандық маңызы бар қалалар мен селолық округтер бюджетінің жоспарланған табыс бөлігін құрылымдық талдау төмендегі сипатқа ие болды:

1. 2018-2020 жылдарға Ақтөбе облысының аудандық маңызы бар қалалар мен

селолық округтер бюджетінің жоспарланған түсімдерді шартты түрде төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1-топ (52%) – табыс бөлігінің мәнсіз оң динамикасы жоспарланады (10% көлемінде) Хромтау қаласы (1,2%), Көктау с/о (3,2%), Ембі қ. (4%), Бозой с/о (2,5%), Кенесту с/о (9%), Әйке с/о (5,3%), Ақкемер с/о (1,2%) – салықтық түсімдер мен трансферттің артуы есебінен.

2-топ (14%) – 2018-2020 жылдарға бюджеті өзгеріссіз болады деп жоспарланады: Жарқамыс с/о, Көлтабан с/о, Айшуақ с/о, Біршоғыр с/о, Кішікүм с/о, Көптогай с/о.

3-топ (34%) – бюджеттің табыс бөлігінің теріс динамикасы жоспарланады (-20% дейін): Алға қ. (18%), Бестамақ с/о (1%), Тамды с/о (2%), Маржанбұлақ с/о (15%), Комсомол с/о (2%), Қарауылкелді с/о (3%), Қызылбұлақ с/о (1%), Бадамша с/о (10%), Желтау с/о (4%), Қобда с/о (5%), Қарабұтақ (15%), Жайсаң с/о (3%), Сарыжар с/о (1%), Мартөк с/о (3%), Қандыағаш қ. (20%), Мұғалжар с/о (10%), Еңбек с/о (15%), Жем қ., Батпақкөл с/о (10%), Ойыл с/о, Ш.Берсиев с/о, Саралжын с/о, Шұбарқұдық с/о, Темір қ. (19%), Шұбарши с/о (3%), Кеңкияқ с/о (10%), Дөң с/о, Ақжар с/о, Шалқар қ. (18,5%), Ырғыз с/о, Аманкөл с/о, Қызылжар с/о. Осы әкімшілік-территориялық бірліктердің табыс бөлігінің теріс динамикасы трансферттің төмендеуі есебінен орын алады.

2. 38 селолық округте тек салықтық түсімдер мен трансферттер жоспарланған.

3. 7 аудандық маңызы бар қалаларда (Қандыағаш, Ембі, Шалқар, Жем, Темір, Алға, Хромтау) салықтық түсімдер мен трансферттерден басқа айыппұл түріндегі салықтық емес түсімдер жоспарланған.

4. 6 селолық округте (Әйтеке би, Байғанин, Қобда, Ойыл, Хромтау, Мартөк) және аудандық маңызы бар 1 қалада (Шалқар) салықтық түсімдер мен трансферттерден басқа айыппұл және кәсіпкерлерге ғимарат пен жер арендасы түрінде салықтық емес түсімдер жоспарланған.

5. Облыстың барлық аудандарында сыртқы жарнаманы орналастыру үшін төлем жоспарланбаған. Ал сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумақ-

тары арқылы өтетін республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілері мен өз өңірлеріндегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыруға және ауданда тіркелген көлік құралдарында орналастырғаны үшін төлемақы алынатын алым ретінде қарастырылады.

6. Салықтық түсімнің мәнді бөлігін жеке табыс салығы мен көлік құралдарына салық құрайды.

7. Салықтық емес түсімдер айыппұлдар және мемлекеттік және коммуналдық меншіктегі мүлікті арендаға беруден түсімдер жоспарланады.

Жоғарыда аталғандарды талдай отырып, және жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің табыс бөлігін қамтамасыз ету мәселесін зерттей отырып төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1) 4 деңгейдегі бюджетке салық түсімдері әлі күнге дейін аудандық бюджетке түсуде, бұл оларды қайтаруда белгілі бір қиындықтар туғызуда. Ол үшін салық төлеушілердің интеграцияланған базасы немесе 4 деңгейдегі бюджет маманына белгілі бір қол жетімділік қамтамасыз ету қажет. Салық төлеушілер базасының болуы бюджеттің табыс бөлігін арттыру жағына қарай нақтырақ жоспарлауға мүмкіндік береді.

2) Бюджеттің табыс бөлігі ретінде сыртқы жарнаманы орналастыруға төлем жоспарланбаған, бұл бап та табыс көзі болып табылады;

3) Көптеген селолық округтерде негізгі қызмет түрі мал шаруашылығы болып табылады, сондықтан бюджеттің табыс бөлігін арттыру үшін шаруа қожалықтарына салық салу жүйесін – салық салудың негізгі көзі ретінде (жер салығы, техникаға салық, малға салық, т.б.) қайта қарастыру керек;

4) Селолық жерлерде шағын бизнесті дамыту үшін негізгі мәселе кепілдік құн болып табылады. Әкімдер осы мәселені шешуге орай қаржылық құралдарды жоба кезеңін жүзеге асыру қорытындысы бойынша траншпен кезең-кезеңмен бөлуді ұсынады және жоба

аяқталғаннан кейін сол объектінің кепілге алуды жөн санайды. Қаржыландыру мен кепілзат құралының осындай механизмін енгізу селолық округтердегі бизнес ахуалды жандандырады.

5) Салықтық емес түсімдердің жоспарлануы деңгейі төмен. Селолық округтердің бюджетінің табыс бөлігін арттыру үшін жеке және заңды тұлғаларға салынатын айыппұлдар (ауылды абаттандыру, заңсыз балық аулау, аң аулау, т.б.) бойынша функцияларын кеңейту және нақтылау қажет. Әкімдер үшін айыппұлдар алудың нақты механизмін құру керек.

6) 4 деңгейдегі бюджеттің табыс бөлігін арттыру үшін 4 деңгейдегі бірыңғай бюджеттік жіктеліміне аудандық бюджеттің бірыңғай бюджеттік жіктелімі сияқты өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынды.

7) Облыс бойынша салық базасын арттыру бойынша коммуналдық меншікті құжаттау, төлқұжаттау бойынша мәселелерді шешу қажет.

### Қорытынды

Ақтөбе облысы салалық мамандануы бойынша аграрлық-индустриалдық өңір болып табылады. Ақтөбе облысы Қазақстанның өңірлері арасында ЖӨӨ деңгейі бойынша 9-орын алады. Бұл көрсеткішті жоғарылату үшін Ақтөбе облысының аудандық маңызы бар қалалары мен селолық округтері әкімдері экономикалық, әлеуметтік және экологиялық нәтиже беретін және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін салаларды дамытуды басты назарға қойды.

Ақтөбе облысының аудандық маңызы бар қалалары мен селолық округтері әкімдерін оқыту қорытындысы бойынша әрбір елді мекеннің әкімі жаңа жұмыс орындарын құру, инвестиция тарту, тұтастай алғанда бюджеттің табыс бөлігін арттыру үшін өз жобаларын жобалық менеджмент қағидаттарына сәйкес ұсынды. Атап айтқанда, 3 селолық әкімнің жобалары бөгет құрылысы (Әйтеке би ауданы Комсомол селолық округі), дамба салу (Қобда ауданы Қобда селолық округі) мен сумен қамту жүйесіне (Темір ауданы Кеңқияқ селолық округі) техникалық-экономикалық негіздеме алумен байланысты болды. Аталған жобаларды жүзеге асыру үлкен капитал салымдарын

қажет етеді, бірақ табысты жүзеге асыру барысында көптеген шаруашылық түрлерін дамытуға ықпал етеді (балық өсіру, жеке бағбандық, құс өсіру, әртүрлі жер шаруашылығы, бұрынғы пионер лагері ғимаратының базасында мектеп туризмі, жергілікті халықтың бос уақытын өткізу демалыс орындары, т.б.).

Көптеген әкімдер өзекті жергілікті мәселелері және өз жерінің бар әлеуетін кеңейту бойынша жобаларды қорғады. Экологиялық кодекске қатты тұрмыстық қалдыққа қатысты өзгерістердің енгізілуіне байланысты бірнеше әкім қатты тұрмыстық қалдықты сорттау және кәдеге жарату бойынша жобаларды ұсынды. Жергілікті халықтың сұранысы бойынша ет және сүт өңдеу өнеркәсібін, жергілікті туризмді, дәстүрлі емес шаруашылықты (балық, түйеқұс, қоян, бөдене, алма өсіру, қызыл мия, жылыжай құрылысы) және басқа да салаларды дамыту бойынша жобалар ұсынылды.

Ұсынылып отырған жобалар экономиканың тұрақты өсу қарқынын қамтамасыз ете отырып, облыс экономикасын дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, экономикалық белсенді халық санын арттыруды ынталандыру, жалақыны арттыру, салық базасын нығайтуға және жергілікті бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдердің артуына әкелетін болады.

Болжам бойынша әкімдердің бюджеттің табыс бөлігін сауатты жоспарлау және жобалық ойлау бойынша тәжірибелік машықтарын дамыту арқылы бюджеттің табыс бөлігін 20%-ға дейін арттыру жоспарланады.

Жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік биліктің тиімді әрекет етуі төмендегілерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- жергілікті мәндегі мәселелерді сапалы шешуге халықтың қатысуын, ролін арттыру;
- шағын бизнесті дамыту арқылы өңірлердегі халықтың өмір сүру деңгейін арттыру;
- өңірлердегі және тұтастай мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Жергілікті өзін-өзі басқару елді басқару жүйесіндегі толыққанды және күшті звено болуы тиіс. Мұндай жүйенің қалыптасып дамуына азаматтық бастамашылдықты және

жергілікті халықтың әлеуметтік белсенділігін дамыту, олардың өздерінің тұрғылықты жерінің жағдайына ұжымдық жауапкершілігін арттыру ықпал етеді.

Қазақстанның жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту экономикалық өсудің, халықтың әл-ауқатын арттырудың және азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті шарттарының бірі болып табылады.

Биліктің жергілікті өзін-өзі басқару деңгейі халыққа жақын билік жүйесі, бұл билікті негізінен жергілікті халық қалыптастырады, жергілікті жердің дамуы халықтың бақылауында болады және халықтың негізгі өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету мәселесін шешеді. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі тиімді әрекет ететін болса, халықтың билікке деген сенімі арта түседі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Бримбетова Н.Ж. Механизмы стимулирования развития местного самоуправления в Казахстане. Алматы: ИЭ МОН РК, 2016.

2. Система муниципального управления: Учебник для вузов / Под ред. В.Б.Зотова. – СПб: Питер Пресс, 2007.

3. Sayimova M., Yesbergen R., Baimukasheva Z., Turganbaev M., Dzhusibalieva A. (2017) Features of social and economic development of the small city of Kandyagash. *International Journal of Economic perspectives*. Turkey, 4 (11), 125-130.

4. Trpin G. (2003) Local Government Reform in Slovenia. From socialist self-management to local self-government. In: Baldersheim H., Illner M., Wollmann H. (eds) *Local Democracy in Post-Communist Europe*. Urban Research International, vol 2. VS Verlag für Sozialwissenschaften, Wiesbaden, 157-180.

5. Kroukamp H., Lues L. (2008) Improving Local Management. In: de Vries M.S., Reddy P.S., Haque M.S. (eds) *Improving Local Government. Governance and Public Management Series*. Palgrave Macmillan, London.

6. Zhikharevic B. (2012) Stability factors in Russia's municipal strategic planning systems. *Regional Research of Russia*, vol 2, 241-254.

7. Albert K. Chernenko (1996). Problems of Legal Regulation of Local Self-Government and of

Using Natural Resources. *Management, Technology and Human Resources Policy in the Arctic (The North)*, vol 5, pp. 113-116.

8. Ivan Lexin (2016). Institutional Foundations of Local Self-Government, Russia. In: Farazmand A. (eds) *Global Encyclopedia of Public Administration, Public Policy, and Governance*. Springer, Cham. pp. 25-49

9. Lankina, Tomila, (2000) Local self-government and ethnic mobilisation in the Russian Federation, 1990–1999, PhD, Oxford U.

10. Wollmann H., Butusova N. (2003) Local self-government in Russia: Precarious trajectory between power and law. In: Baldersheim H., Illner M., Wollmann H. (eds) *Local Democracy in Post-Communist Europe*. Urban Research International, vol 2. VS Verlag für Sozialwissenschaften, Wiesbaden.

11. Lankina T.V., Hudalla A., Wollmann H. (2008) Intergovernmental Setting and Local Performance. In: *Local Governance in Central and Eastern Europe*. St Antony's Series. Palgrave Macmillan, London

12. Wollmann H., Lankina T. (2003) Local Government in Poland and Hungary: from post-communist reform towards EU accession. In: Baldersheim H., Illner M., Wollmann H. (eds) *Local Democracy in Post-Communist Europe*. Urban Research International, vol 2. VS Verlag für Sozialwissenschaften, Wiesbaden

13. Fábíán A. (2017) Local Self-Government in Hungary: The Impact of Crisis. In: Nunes Silva C., Buček J. (eds) *Local Government and Urban Governance in Europe*. The Urban Book Series. Springer, Cham

14. Sakowicz M. (2017) Rebirth of Local Government in Poland: 25 Years of Decentralization Reform. In: Ruano J., Profiroiu M. (eds) *The Palgrave Handbook of Decentralisation in Europe*. Palgrave Macmillan, Cham

15. Bhuiyan, SH. (2010) Decentralization and local governance in Kazakhstan. *International Journal of Public Administration*.

16. Duvanova, D. (2017) Delegation of Political Authority to Bureaucratic Agencies in an Authoritarian Regime: An Analysis of Regional Economic Regulation in Kazakhstan. *Studies in Comparative International Development*. Volume 52, Issue 1, pp 87–114.

17. Жанузакова Л.Т. Правовые основы местного управления в Республике Казахстан и зарубежных странах: учебное пособие. – Алматы: СаҒа, 2008.

18. Смагулов Г.С. Аймақтық экономиканы басқару. Алматы, «Қазақ университеті», 2016

19. Нурланова Н.К., Бримбетова Н.Ж., Бурлаков Л.Н., Дауранов И.Н., Кенжебаева А.А., Киреева А.А. Формирование системы местного самоуправления



в Казахстане: особенности и перспективы. Монография. – Алматы: ИЭ МОН РК, 2015

20. Nurlanova N.K. (2010). Regional paradigm of sustainable development of Kazakhstan: problems of theory and practice. Almaty: Institute of Economics CS MES RK, 328

21. Интыкбаева С.Ж. Государственные финансы: учебник. - Алматы: Эверо, 2015.

## References

1. Brimbetova N. (2016) Mechanisms to stimulate the development of local government in Kazakhstan. Almaty: IE MON RK

2. Zotov V. (2007) Municipal Management System: Textbook for universities. – SPb: Piter Press, 2007

3. Sayimova M., Yesbergen R., Baimukasheva Z., Turganbaev M., Dzhusibalieva A. (2017) Features of social and economic development of the small city of Kandygash. International Journal of Economic perspectives. Turkey, 4 (11), 125-130

4. Trpin G. (2003) Local Government Reform in Slovenia. From socialist self-management to local self-government. In: Baldersheim H., Illner M., Wollmann H. (eds) Local Democracy in Post-Communist Europe. Urban Research International, vol 2. VS Verlag für Sozialwissenschaften, Wiesbaden, 157-180

5. Kroukamp H., Lues L. (2008) Improving Local Management. In: de Vries M.S., Reddy P.S., Haque M.S. (eds) Improving Local Government. Governance and Public Management Series. Palgrave Macmillan, London

6. Zhikharevic B. (2012) Stability factors in Russia's municipal strategic planning systems. Regional Research of Russia, vol 2, 241-254

7. Albert K. Chernenko (1996). Problems of Legal Regulation of Local Self-Government and of Using Natural Resources. Management, Technology and Human Resources Policy in the Arctic (The North), vol 5, pp. 113-116.

8. Ivan Lexin (2016). Institutional Foundations of Local Self-Government, Russia. In: Farazmand A. (eds) Global Encyclopedia of Public Administration, Public Policy, and Governance. Springer, Cham. pp. 25-49

9. Lankina, Tomila, (2000) Local self-government and ethnic mobilisation in the Russian Federation, 1990–1999, PhD, Oxford U.

10. Wollmann H., Butusova N. (2003) Local self-government in Russia: Precarious trajectory between power and law. In: Baldersheim H., Illner M., Wollmann H. (eds) Local Democracy in Post-Communist Europe. Urban Research International, vol 2. VS Verlag für Sozialwissenschaften, Wiesbaden.

11. Lankina T.V., Hudalla A., Wollmann H. (2008) Intergovernmental Setting and Local Performance. In: Local Governance in Central and Eastern Europe. St Antony's Series. Palgrave Macmillan, London

12. Wollmann H., Lankina T. (2003) Local Government in Poland and Hungary: from post-communist reform towards EU accession. In: Baldersheim H., Illner M., Wollmann H. (eds) Local Democracy in Post-Communist Europe. Urban Research International, vol 2. VS Verlag für Sozialwissenschaften, Wiesbaden

13. Fábíán A. (2017) Local Self-Government in Hungary: The Impact of Crisis. In: Nunes Silva C., Buček J. (eds) Local Government and Urban Governance in Europe. The Urban Book Series. Springer, Cham

14. Sakowicz M. (2017) Rebirth of Local Government in Poland: 25 Years of Decentralization Reform. In: Ruano J., Profiroiu M. (eds) The Palgrave Handbook of Decentralisation in Europe. Palgrave Macmillan, Cham

15. Bhuiyan, SH. (2010) Decentralization and local governance in Kazakhstan. International Journal of Public Administration.

16. Duvanova, D. (2017) Delegation of Political Authority to Bureaucratic Agencies in an Authoritarian Regime: An Analysis of Regional Economic Regulation in Kazakhstan. Studies in Comparative International Development. Volume 52, Issue 1, pp 87–114.

17. Zhanuzakova L. (2008) Legal basis of local government in the Republic of Kazakhstan and foreign countries: Tutorial. – Almaty: SaGa, 2008

18. Smagulov G. (2016) Regional Economy Management. Almaty, «Kazakh University»

19. Nurlanova N., Brimbetova N., Burlakov L., Dauranov I., Kenzhebaeva A., Kireeva A. (2015) Formation of a system of local self-government in Kazakhstan: features and prospects. Monograph. Almaty: IE MES RK

20. Nurlanova N.K. (2010). Regional paradigm of sustainable development of Kazakhstan: problems of theory and practice. Almaty: Institute of Economics CS MES RK, 328

21. Intykbaeva S. (2015) Government finance. Textbook. - Almaty: Evero, 2015